



1

**«Ахмет Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік  
университеті»  
коммерциялық емес акционерлік қоғамы**

**П. Чужинов атындағы экономика және құқық институты**

**ОҚУ-ӘДІСТЕМЕЛІК ҚҰРАЛ**

**Жумабаева А.М.  
ӘКІМШІЛІК ПРОЦЕСС**



**Қостанай, 2022**

Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі  
А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті

П.Чужинов атындағы экономика және құқық институты

Мемлекет және құқық теориясы кафедрасы

**А.М.Жумабаева**

ӘКІМШІЛІК ПРОЦЕСС

Оқу-әдістемелік құрал

Қостанай, 2022

**УДК 342.9(574)**  
**ББК 67.401.03(5Қаз)**

**Автор:**

Жумабаева Алия Мажитовна – А.Байтұрсынов атындағы ҚӨУ П.Чужинев ат. Экономика және құқық институтының мемлекет және құқық теориясы кафедрасының аға оқытушысы

**Рецензенттер:**

Укин Сымбат Кенжебекович – А.Байтұрсынов атындағы ҚӨУ П.Чужинев ат. Экономика және құқық институтының мемлекет және құқық теориясы кафедрасының қауымдастырылған профессоры (доцент), з.ғ.к.;

Жусупова Гульдарай Бековна – А.Байтұрсынов атындағы ҚӨУ П.Чужинев ат. Экономика және құқық институтының мемлекет және құқық теориясы кафедрасының аға оқытушысы, з.ғ.к.;

Байзакова Гульсум Муратовна – Челябині мемлекеттік университетінің Қостанай филиалының «Құқық» кафедрасының доценті, з.ғ.к.

Жумабаева А.М.

**Ж 78** Әкімшілік процесс. Оқу-әдістемелік құрал. Қостанай: А.Байтұрсынов атындағы ҚӨУ, 2022. – 80 б.

ISBN 978-601-356-222-3

"Әкімшілік процесс" оқу-әдістемелік құралы болашақ заңгердің кәсіби қасиеттерін қалыптастыруда маңызды орынға ие болады. Бұл оқу-әдістемелік құрал болашақ құқық қолдану қызметінде негізгі дағдыларды қалыптастырады: дамыған құқықтық сана, құқықтық ойлау және құқықтық мәдениет негізінде кәсіби қызметті жүзеге асыру; құқық субъектілерінің заңнаманы сақтауы; заңға дәл сәйкес шешімдер қабылдау және құқықтық іс-әрекеттер жасау қабілеті; кәсіби қызметте нормативтік құқықтық актілерді қолдану, материалдық және процессуалдық құқық нормаларын іске асыру; фактілер мен мән-жайларды заңды түрде дұрыс саралау. Оқу-әдістемелік құралда тест тапсырмалары, кестелер, анықтамалық сөздік, сонымен қатар ПО қызметкерлерінің әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істерді ресімдеу кезінде қолдануға арналған құжаттардың үлгілері берілген.

«Құқықтану», «Құқық қорғау органдары» білім бағдарламасы бойынша оқитын студенттерге арналған.

ББК 67.401.03(5Қаз)

Ж 78

А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің оқу-әдістемелік кеңесімен бекітілді және баспаға ұсынылды 27.12.2022 ж., хаттама № 6.

ISBN 978-601-356-222-3

© А. Байтұрсынов атындағы  
 Қостанай өңірлік университеті

**Мазмұны**

Кіріспе.....	5
Пәннің мазмұны.....	6
Дәрістерге әдістемелік нұсқаулар.....	8
«Әкімшілік процесс» пәні бойынша студенттердің білімін өздігінен бақылауға арналған тест тапсырмалары.....	10
Жеке жұмыс /практикалық бөлім/.....	17
Анықтамалық сөздік .....	26
(Глоссарий).....	
Қосымша /кестелер/.....	40
Әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істерді ресімдеу кезінде қолдануға арналған құжаттардың үлгілері.....	54
Пайдаланылған дереккөздер тізімі.....	80

## Кіріспе

Бұл оқу құралы білім алушыларға "Әкімшілік процесс" курсына оқып үйренуге көмектесуді мақсат етеді. Курспен жұмыс істеу барысында әкімшілік процесс Қазақстан құқығы жүйесінің ажырамас бөлігі екендігі жөнінде, сонымен қатар конституциялық, азаматтық, еңбек, қаржы, қылмыстық және т.б. салаларының тығыз байланыста екенін ескеру қажет.

Құқық теориясында заң процесі жалпы немесе жеке сипаттағы заңды шешімдерді дайындаудан, қабылдаудан және құжатпен бекітуден тұратын құзыретті мемлекеттік органдар қызметінің іс жүргізу нормаларымен реттелген тәртібі ретінде түсініледі. Әкімшілік процесс атқарушылық-әкімдік қызмет рәсімдерін қамтиды. Оны мемлекеттік басқару органдарының өз өкілеттіктерін іске асыруымен, олардың құзыретіне жатқызылған кез келген мәселелерді шешуімен байланыстыру қажет.

Бұл ретте білім алушылар қазіргі кезеңдегі заңнаманың барлық салаларын дамыту процесінің серпінділігі туралы есте сақтауы және ондағы жаңа талаптарды анықтауға қызығушылық танытуы тиіс. Заңнаманы зерделеу кезінде әкімшілік процесс - қазіргі уақытта қарқынды дамып келе жатқан Қазақстан Республикасының заңнамасының өте динамикалық саласы екенін есте ұстау маңызды.

"Әкімшілік процесс" пәні Қазақстан Республикасының Конституциясы, Қазақстан Республикасының Азаматтық Кодексі, Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі, Қазақстан Республикасының Азаматтық процесілік кодексі, Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Кодексі, Қазақстан Республикасының Үкіметі туралы Конституциялық заң, "Заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу және филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеу туралы Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 17 сәуірдегі №2198 Заңы (2022.12.09. берілген өзгерістер мен толықтырулармен), Қазақстан Республикасының «Жылжымайтын мүлікке құқықтарды мемлекеттік тіркеу» туралы Заңы (2022.02.01. берілген өзгерістер мен толықтырулармен) және т.б. негізінде оқытылады.

Бағдарламаны құрастыруда Л.Л.Попов, Ю.И.Мигачев, С.Тихомировтың монографиялары, оқулықтары мен оқу құралдары пайдаланылды.

## **Пәннің мазмұны**

### **1 Әкімшілік процесс заң категориясы ретінде**

Заң процесінің түсінігі мен түрлері. Материалдық және процессуалдық әкімшілік құқық. Әкімшілік процесс ғылым және оқу пәні ретінде. Әкімшілік процесінің даму тарихы. Әкімшілік-процессуалдық құқық және әкімшілік-процессуалдық нормалар. Әкімшілік процесінің қағидалары.

Әкімшілік процесінің құрылымы мен мазмұны. Әкімшілік-басқару процесінің түсінігі мен құрылымы. Әкімшілік – юрисдикциялық процесінің түсінігі мен құрылымы. Әкімшілік – соттық процесінің түсінігі мен құрылымы.

### **2 Әкімшілік процесс субъектілері**

Жалпы ереже. Әкімшілік процесс субъектілері ретіндегі азаматтар. Әкімшілік процесс субъектісі ретіндегі мемлекеттік қызметкерлер. Атқарушы билік органдарының әкімшілік - құқықтық мәртебесі. Жергілікті өзін-өзі басқарудың атқарушы органдары. Түрлі меншік нысанындағы кәсіпорындар мен мекемелер. Қоғамдық бірлестіктер. Әкімшілік іс жүргізудің өзге де қатысушылары.

Әкімшілік процесс субъектілері ретіндегі прокуратура органдары.

### **3 Әкімшілік – басқару процесіндегі әкімшілік өндіріс**

Әкімшілік – басқару процесі құрылымындағы әкімшілік өндіріс. Әкімшілік өндіріс түсінігі мен түрлері. Мемлекеттік басқарудың нормативтік актілерін қабылдау бойынша өндіріс: түсінігі, құқықтық негізі, субъектілері және сатылары. Марапаттау туралы істер бойынша өндіріс: түсінігі, марапаттау ерекшеліктері, марапаттау түрлері мен тәсілдері. Тіркеу өндірісі: түсінігі, құқықтық негізі, субъектілері және сатылары.

### **4 Әкімшілік – басқару процесіндегі әкімшілік процедуралар**

Әкімшілік – басқару процесі құрылымындағы әкімшілік процедуралар. Әкімшілік процедураларды бекіту тәртібі және түрлері. Әкімшілік процедураларды қолдану аясы. Аттестациялау және аккредитациялау процедуралары: түсінігі, құқықтық негізі, субъектілері және сатылары. Лицензиялау: түсінігі, құқықтық негізі, субъектілері және сатылары. Техникалық реттеу процедуралары: түсінігі, құқықтық негізі, субъектілері және сатылары.

### **5 Әкімшілік – басқару процесіндегі әкімшілік регламенттер**

Әкімшілік – басқару процесі құрылымындағы әкімшілік регламенттер. Әкімшілік регламенттерді қабылдау тәртібі мен түрлері. Әкімшілік регламенттерді қолдану аясы. Әкімшілік регламенттерді қолданатын субъектілер. Әкімшілік регламенттер: мемлекеттік қызметтерді атқару бойынша және мемлекеттік қызметтерді ұсыну бойынша.

### **6 Әкімшілік–құқықтық режимдер**

Әкімшілік–құқықтық режимдер түсінігі. Құқықтық режим – құқықпен

реттелген іс–әрекеттерді білдіретін кең мағынадағы заң түсінігі. Әкімшілік–құқықтық режимдердің белгілері.

Әкімшілік–құқықтық режимдердің түрі және құқықтық сипаттамасы. Қосалқы әкімшілік–құқықтық режимдер.

Әкімшілік–құқықтық режимдердің түрі және құқықтық сипаттамасы. Төтенше жағдай режимі. Әскери режим. Мемлекеттік құпия режимі.

### **7 Әкімшілік–құқықтық даулар: жалпы мәселелері**

Әкімшілік–құқықтық даулар түсінігі. Әкімшілік–құқықтық даулардың мазмұны. Әкімшілік–құқықтық даулардың нысанасы. Әкімшілік–құқықтық даулардың түрлері және оларды жіктеудің тәсілдері. Әкімшілік–құқықтық даулардың белгілері. Әкімшілік

### **8 Қазақстан Республикасындағы әкімшілік іс жүргізу мәселелері**

Қазақстан Республикасындағы әкімшілік соттар: теория және тәжірибе мәселелері. Қазақстан Республикасындағы әкімшілік процестің мазмұны, түрлері, негізгі институттары және жүзеге асырылу принциптері. Қазақстан Республикасындағы әкімшілік жауапкершілік институтының дамуы.

### **9 Қазақстан Республикасындағы әкімшілік юрисдикцияның іс жүргізу түрлері**

Әкімшілік–құқықтық шағымдар мен даулар бойынша өндіріс: түсінігі, қағидалары, құқықтық негізі, өндіріс субъектілері мен сатылары. Тәртіптік өндіріс: даулар туындаған жағдайда: түсінігі, қағидалары, құқықтық негізі, өндіріс субъектілері мен сатылары. Атқару өндірісі: түсінігі, қағидалары, құқықтық негізі, өндіріс субъектілері мен сатылары. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер бойынша өндіріс: түсінігі, қағидалары, құқықтық негізі, өндіріс субъектілері мен сатылары. Әкімшілік–құқықтық мәжбүрлеу шараларын қолдану бойынша өндіріс: түсінігі, қағидалары, құқықтық негізі, өндіріс субъектілері мен сатылары.

Шағымды беру және қабылдау тәртібі. Әкімшілік істерді сотта қарау сатылары. Шағым келтіру құқығы. Екінші сот инстанциядағы істерді қарастыру шектері. Кассациялық шағым келтіру мазмұны. Кассациялық тәртіпте бірінші инстанциядағы сот қаулысын жою немесе өзгерту негіздері. Қадағалау шағымын беру. Қадағалау тәртібінде сот қаулыларын қайта қарау шектері. Қадағалау шағымының мазмұны. Қадағалау шағымдарын қарастыру мерзімі. Қадағалау тәртібінде қарастырған істер бойынша сот шешімінің заңды күшіне енуі.

## Дәрістерге әдістемелік нұсқаулар

Дәріс 1. Әкімшілік процесс заңды категория ретінде

*Негізгі ұғымдар.*

Құқықтық процестің түсінігі мен түрлері. Әкімшілік процестің құрылымы. "Әкімшілік процесс" және "әкімшілік өндіріс" ұғымдарының арақатынасы.

Әкімшілік процестің субъектілері.

*Мазмұны.*

Әкімшілік өндіріс түрлері. Әкімшілік процестің принциптері. Әкімшілік іс жүргізу құқығы және әкімшілік іс жүргізу нормалары.

Қазақстан Республикасының азаматтары, басқа да жеке субъектілер әкімшілік процестің қатысушылары ретінде. Қазақстан Республикасының атқарушы билік органдары. Мемлекеттік қызметкерлер. Жергілікті өзін-өзі басқарудың атқарушы органдары. Өртүрлі меншік нысанындағы кәсіпорындар мен мекемелер. Қоғамдық бірлестіктер. Әкімшілік юрисдикция саласында уәкілеттік берілген судьялар, органдар, лауазымды адамдар.

Дәріс 2. Әкімшілік-басқару процесі

*Негізгі ұғымдар.*

Әкімшілік-басқару процесінің құрылымы мен мазмұны. Тіркеу өндірісі. Лицензиялық өндіріс. Аттестаттау және аккредиттеу бойынша өндіріс. Стандарттау бойынша өндіріс. Сертификаттау өндірісі. Мемлекеттік тапсырыстарды квоталау және орналастыру өндірісі.

*Мазмұны.*

Мемлекеттік басқарудың нормативтік актілерін қабылдау бойынша іс жүргізу. Мемлекеттік басқарудың нормативтік актісінің жобасын дайындау және қарау. Мемлекеттік басқарудың нормативтік актісін қабылдау. Мемлекеттік басқарудың нормативтік актісін мемлекеттік тіркеу. Мемлекеттік басқарудың нормативтік актісін жариялау және күшіне енгізу.

Дәріс 3. Әкімшілік-юрисдикциялық процесс

*Негізгі ұғымдар.*

Мемлекеттік басқару саласындағы азаматтардың ұсыныстары мен өтініштері және ұйымдардың өтініштері бойынша іс жүргізу. Тәртіптік өндіріс. Атқарушылық іс жүргізу. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы өндіріс. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер бойынша іс жүргізуге қатысушылар.

*Мазмұны.*

Әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер бойынша дәлелдемелер. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер бойынша іс жүргізу кезінде уәкілетті адамдар қолданатын әкімшілік-құқықтық мәжбүрлеу шаралары. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер бойынша іс жүргізу кезеңдері. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер бойынша қаулылар мен шешімдерді қайта қарау бойынша іс жүргізу.



#### Дәріс 4. Әкімшілік-сот процесі

##### *Негізгі ұғымдар.*

Әкімшілік әділет органдарының құқықтық сипаттамасы. "Әкімшілік әділет" және "әкімшілік юрисдикция" ұғымдарының арақатынасы. Сот билігі жүйесіндегі әкімшілік сот ісін жүргізу. Әкімшілік сот ісін жүргізу туралы заңдар.

##### *Мазмұны.*

Бітімгершілік судьялардың, жалпы юрисдикция соттары судьяларының және төрелік соттардың әкімшілік сот ісін жүргізуін жүзеге асыру. Әкімшілік сот ісін жүргізуді дамыту үрдістері. Әкімшілік іс жүргізу заңнамасы: даму және перспектива. Әкімшілік юрисдикция саласындағы сот бақылауы.

#### Дәріс 5. Әкімшілік юрисдикцияның іс жүргізу түрлері

##### *Негізгі ұғымдар.*

Әкімшілік-құқықтық шағымдар мен даулар бойынша өндіріс: түсінігі, қағидалары, құқықтық негізі, өндіріс субъектілері мен сатылары. Тәртіптік өндіріс: даулар туындаған жағдайда: түсінігі, қағидалары, құқықтық негізі, өндіріс субъектілері мен сатылары. Атқару өндірісі: түсінігі, қағидалары, құқықтық негізі, өндіріс субъектілері мен сатылары. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер бойынша өндіріс: түсінігі, қағидалары, құқықтық негізі, өндіріс субъектілері мен сатылары. Әкімшілік-құқықтық мәжбүрлеу шараларын қолдану бойынша өндіріс: түсінігі, қағидалары, құқықтық негізі, өндіріс субъектілері мен сатылары.

##### *Мазмұны.*

Шағымды беру және қабылдау тәртібі. Әкімшілік істерді сотта қарау сатылары. Шағым келтіру құқығы. Екінші сот инстанциядағы істерді қарастыру шектері. Кассациялық шағым келтіру мазмұны. Кассациялық тәртіпте бірінші инстанциядағы сот қаулысын жою немесе өзгерту негіздері. Қадағалау шағымын беру. Қадағалау тәртібінде сот қаулыларын қайта қарау шектері. Қадағалау шағымының мазмұны. Қадағалау шағымдарын қарастыру мерзімі. Қадағалау тәртібінде қарастырған істер бойынша сот шешімінің заңды күшіне енуі.

**«Әкімшілік процесс» пәні бойынша студенттердің білімін өздігінен  
бақылауға арналған тест тапсырмалары**

1 Әкімшілік құқықбұзушылық туралы істер бойынша өндіріс тілі:

- A) Республиканың мемлекеттік тілі;
- B) ҚР мемлекеттік тілі;
- C) Іске қатысушы адамдардың тілінде;
- D) Өндіріс тілі міндетті емес;
- E) Дұрыс жауабы жоқ.

2 Өндіріс міндеттеріне мыналар жатады:

- A) Куәлардың айғақтарының адалдығы;
- B) Істі қараудың ашықтығы;
- C) Дәлелдемелердің толықтығы;
- D) Істі қараудың жариялығы;
- E) Барлық жауап дұрыс.

3 Өндіріс тілін білмейтін адамдардың құқықтары бар:

- A) Кез-келген тілде сөйлеуге;
- B) Тек ана тілінде сөйлеуге;
- C) Іске қатысушы адамдардың тілінде сөйлеуге;
- D) Мемлекеттік тілде сөйлеуге;
- E) Дұрыс жауабы жоқ.

4 Іс бойынша іс жүргізіліп жатқан тілді білмейтін немесе жеткілікті білмейтін іске қатысушы адамдардың құқықтары бар:

- A) Түсініктіме беруге;
- B) Мәлімдемелер жасауға;
- C) Шағымдар жасауға;
- D) Қарсылықтарын мәлімдеуге;
- E) Арыз жазуға.

5 Істі жабық қарау туралы шешім шығарылады:

- A) Анықтама;
- B) Соттың шешімі;
- C) Прокурордың наразылығы;
- D) Жәбірленушінің шағымы;
- E) Құқық бұзушының шағымы.

6 Іс жабық режимде қаралған жағдайда бұл шешімге шағым жасалуы мүмкін:

- A) Прокурормен;

- B) Қорғаушымен;
- C) Өзіне қатысты іс жүргізіліп жатқан тұлғамен;
- D) Судьямен;
- E) Заңды өкілмен.

7 Жалпы ереже бойынша іс жүргізу ашық түрде жүзеге асырылады:

- A) Барлық іс жүргізу;
- B) Істі қарау;
- C) Прокурордың наразылығы бойынша;
- D) Жәбірленушінің шағымы бойынша;
- E) Құқық бұзушының шағымы бойынша.

8 Іс жүргізуге қатысушы адамдардың міндетті, дереу каралуға жататын жазбаша нысандағы арыздары бұл:

- A) Қарсылық;
- B) Мәлімдеме;
- C) Өтініш;
- D) Шағым;
- E) Ұсыныс.

9 Өтінішті қанағаттандырудан бас тарту туралы шығарылады:

- A) Шешім;
- B) Анықтама;
- C) Қарсылық;
- D) Өтініш;
- E) Ұсыныс.

10 Егер тұлға өтінішхатты жазбаша нысанда дербес мәлімдей алмаған жағдайда, өтінішхатты мәлімдеуге болады:

- A) Заңды өкіл;
- B) Қорғаушы;
- C) Прокурор;
- D) Судья;
- E) Ауызша түрде.

11 Әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша іс жүргізуді болдырмайтын мән-жайлар ӘҚБТК-де айқындалған:

- A) Толық түрде;
- B) Заңды негіздер болған кезде толықтырылуы мүмкін;
- C) Заңмен қарастырылмаған;
- D) Ішінара;
- E) Дұрыс жауабы жоқ.

12 Әкімшілік құқық бұзушылық оқиғасының болмауы әкімшілік құқық бұзушылық құрамының болмауының құрамдас бөлігі болып табылады:

- A) Бекіту дұрыс;

- B) Бекіту дұрыс емес;
- C) Ішінара;
- D) Жартылай;
- E) Дұрыс жауабы жоқ.

13 Әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша шығындар мыналардан тұрады:

- A) Куәларға, куәгерлерге, мамандарға, сарапшыларға, аудармашыларға төленетін сомадан;
- B) Заттай дәлелдемелерді сақтауға және зерттеуге жұмсалған сомалардан;
- C) Қорғаушыға төленетін сомадан;
- D) Электр энергиясын өндіру мен өткізуге жұмсалған сомадан;
- E) Дұрыс жауабы жоқ.

14 Прокурорлық қадағалау жүзеге асырылмайды, егер:

- A) Іс уәкілетті органның қарауында болса;
- B) Іс уәкілетті лауазымды тұлғаның қарауында болса;
- C) Іс соттың қарауында болса;
- D) Іс бітімгершілік төреліктің қарауында болса;
- E) Заңда қарастырылмаған.

16 Әкімшілік процесте қорғаушы мен өкілдің процессуалдық құқықтарының көлемі бірдей:

- A) Дұрыс;
- B) Дұрыс емес;
- C) Ішінара;
- D) Жартылай;
- E) Дұрыс жауабы жоқ.

17 Адвокаттың өкілеттігі өндіріс барысында расталады:

- A) Ордермен;
- B) Рұқсатпен;
- C) Сенімхатпен;
- D) Өтінішпен;
- E) Жеке куәлікпен.

18 Заңды тұлғамен жасалған әкімшілік құқық бұзушылық туралы істі қарау кезінде, істі қарап жатқан орган заңды тұлғаның заңды өкілінің міндетті түрде қатысуын талап ете алады:

- A) Иә;
- B) Жоқ;
- C) Ішінара;
- D) Жартылай;
- E) Дұрыс жауабы жоқ.

19 Іске қатысуға тартылатын куәгерлердің саны:

- A) Екі;
- B) Төрт;
- C) Екіден кем емес;
- D) Төрттен артық емес;
- E) Міндетті емес.

20 Куәгердің хаттамада өзінің қатысуымен іс жүргізу әрекеттерін жасау фактісін куәландыру, бұл -

- A) Императивті норма;
- B) Диспозитивті норма;
- C) Абсолютті норма;
- D) Императивті, диспозитивті нормалар;
- E) Диспозитивті, абсолютті нормалар.

21 Аудармашы міндетін орындаудан бас тартқан адам жауаптылыққа тартылады:

- A) Тәртіптік;
- B) Азаматтық;
- C) Әкімшілік;
- D) Қылмыстық;
- E) Заңмен қарастырылмаған.

22 Қарсылық білдіру мыналарға қатысты мәлімделуі мүмкін:

- A) Маманға;
- B) Сарапшыға;
- C) Қорғаушыға;
- D) Өкілге;
- E) Аудармашыға.

23 Қарсылық білдіру мыналардың негізінде жүзеге асырылады:

- A) Арыз;
- B) Өтініш;
- C) Шешім;
- D) Анықтама;
- E) Шағым.

24 Сараптама тағайындалуы мүмкін:

- A) Істі қарау кезінде;
- B) Әкімшілік тергеу кезінде;
- C) Сынамалар мен үлгілерді алу кезінде;
- D) Процестің кез келген сатысында;
- E) Дұрыс жауап жоқ.

25 Сарапшының қорытындысы беріледі:

- A) Тек жазбаша нысанда;
- B) Тек ауызша нысанда;

- C) Ерекше жағдайларда жазбаша да, ауызша да берілуі мүмкін;
- D) Тек электрондық түрде;
- E) Заңмен қарастырылмаған.

26 Үлгілер мен сынамалар алынады:

- A) Дәлелдемелерді жинау сатысында;
- B) Процестің кез келген сатысында;
- C) Әкімшілік тергеу сатысында;
- D) Жәбірленушінің өтініші бойынша;
- E) Құқық бұзушының өтініші бойынша.

27 Тапсырма орындауға жатады:

- A) 5 күн мерзім аралығында;
- B) 7 күн мерзім аралығында;
- C) 10 күн мерзім аралығында;
- D) 15 күн мерзім аралығында;
- E) 1 ай мерзім аралығында.

28 Сұрау салу орындалуы тиіс:

- A) 5 күн мерзім аралығында;
- B) 7 күн мерзім аралығында;
- C) 10 күн мерзім аралығында;
- D) 15 күн мерзім аралығында;
- E) 1 ай мерзім аралығында.

29 Жеткізу жүзеге асырылады мына мерзімде:

- A) 48 сағатта;
- B) 72 сағатта;
- C) 24 сағатта;
- D) Мүмкіндігінше қысқа;
- E) 3 сағатта.

30 Әкімшілік ұстау туралы құрастырылады:

- A) Өтініш;
- B) Ұстау туралы акт;
- C) Хаттама;
- D) Арыз;
- E) Қаулы.

31 Заттай дәлелдемелерді бекіту тәсілдерін ӘҚБтК толық түрде айқындады:

- A) Иа;
- B) Жоқ;
- C) Заңмен қарастырылмаған;
- D) Ішінара;
- E) Дұрыс жауабы жоқ.

32 Әкімшілік тергеу аяқталғаннан кейін шығарылады:

- A) Тергеп-тексерудің аяқталғаны туралы шешім;
- B) Әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттама;
- C) Әкімшілік құқық бұзушылық туралы істі тоқтату туралы қаулы;
- D) Әкімшілік тергеуді аяқтау туралы анықтама;
- E) Әкімшілік істі қоғау туралы қаулы.

33 Азаматтардың өз құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін іске асыруға жәрдемдесу туралы өтінішхаты қамтылған жолданым нысандарының бірі қалай аталады:

- A) Шешім;
- B) Ұсыныс;
- C) Қаулы;
- D) Арыз;
- E) Шағым.

34 Әкімшілік органның, лауазымды адамның жария-құқықтық қатынастарда қабылдайтын шешімі:

- A) Әкімшілік акт;
- B) Ұсыныс;
- C) Әкімшілік қалау;
- D) Әкімшілік рәсім;
- E) Шағым.

35 Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мақсаттарда және шектерде заңдылығын бағалау негізінде әкімшілік органның, лауазымды адамның ықтимал шешімдер қабылдаудағы өкілеттігінің бірі:

- A) Әкімшілік акт;
- B) Ұсыныс;
- C) Әкімшілік қалау;
- D) Әкімшілік рәсім;
- E) Шағым.

36 Жария-құқықтық қатынастардан туындайтын, бұзылған немесе дау айтылатын құқықтарды, бостандықтарды немесе заңды мүдделерді қорғау және қалпына келтіру мақсатында сотқа берілетін құжат:

- A) Әкімшілік акт;
- B) Ұсыныс;
- C) Әкімшілік қалау;
- D) Әкімшілік рәсім;
- E) Әкімшілік талап қою.

37 Әкімшілік органға немесе лауазымды адамға жазбаша (қағаз және (немесе) электрондық) немесе ауызша нысанда, сондай-ақ бейнеконференц-байланыс, бейнежолданым нысанында жіберілген арыз немесе шағым:

- A) Үн қосу;
- B) Ұсыныс;

- C) Арыз;
- D) Сұрау салу;
- E) Жолданым.

38 Жеке немесе қоғамдық сипаттағы қызығушылық туғызатын мәселелер бойынша әкімшілік рәсімге қатысушының ақпарат беруі:

- A) Үн қосу;
- B) Ұсыныс;
- C) Арыз;
- D) Сұрау салу;
- E) Сауалнама.

39 Қазақстан Республикасының заңдарын және өзге де нормативтік құқықтық актілерін, мемлекеттік органдардың қызметін жетілдіру, қоғамдық қатынастарды дамыту, мемлекет пен қоғамның әлеуметтік-экономикалық және өзге де қызметі салаларын жақсарту жөніндегі әкімшілік рәсімге қатысушының жолданымның түрі:

- A) Үн қосу;
- B) Ұсыныс;
- C) Арыз;
- D) Сұрау салу;
- E) Сауалнама.

40 Мемлекет жүргізіп отырған ішкі және сыртқы саясатқа, сондай-ақ қоғамдық сипаттағы оқиғалар мен құбылыстарға әкімшілік рәсімге қатысушының өз көзқарасын білдіруі:

- A) Үн қосу;
- B) Ұсыныс;
- C) Арыз;
- D) Сұрау салу;
- E) Сауалнама.



## **Жеке жұмыс /практикалық бөлім/**

### **1 Әкімшілік-процессуалдық заңдарды кодификациялаудың қазіргі жағдайы мен мәселелері**

#### *Практикалық бөлім.*

Тамыз айында У. отбасы қаланың сыртынан саяжай сатып алып, қажетті мүліктерін тасымалдайды. Барлық мүлікті орналастырғаннан кейін картон мен басқа да орауыш материалдардың көп мөлшері қалады. У. ұлымен бірге барлық қоқыстарды орманның жанында орналасқан алаңқайға апарып, осы материалдарды жою мақсатында от жағады. Орман қорының жай-күйін пайдалану, күзету, қорғау, ормандарды молықтыру және орман өсіру, жануарлар дүниесі мен ерекше қорғалатын табиғи аумақтар мәселелерімен айналысатын Қазақстан Республикасының Мемлекеттік орман шаруашылығы инспекторы У.-ға бір жүз АЕК көлемінде айыппұл салынып әкімшілік жауапкершілікке тартылды. У. көрсетілген айыппұлды төлеуден бас тарта отырып, оны тек мемлекеттік өрт қадағалауын жүзеге асыратын органдар ғана көрсетілген әрекеттер үшін оны тиісті жауапкершілікке тарта алады деп түсіндіреді.

Мемлекеттік орман шаруашылығы инспекторының іс-әрекетінің заңдылығын бағалаңыз.

### **2 Әкімшілік процесте азаматтардың құқықтарын қорғау механизмі**

#### *Практикалық бөлім.*

П. отбасы ауылдың шетінде орналасқан жеке үйде тұрады. П. үйі шетте орналасқандықтан автокөлігін өзінің участкесіне жақын жерде қалдырып жүрді. Автокөлік ешкімге кедергі келтірмегендіктен, бір жылдан кейін П. өз үйінің жанынан гараж салды. Аталған іс-әрекеттері үшін учаскелік полиция Пироговты ҚР ӘҚБтК 319-б. сәйкес 15 АЕК көлемінде айыппұл түрінде әкімшілік жауаптылыққа тартады және бұл құрылысты бұзу қажеттілігін атап көрсетеді.

Пироговты әкімшілік жауапкершілікке тартудың заңдылығын бағалаңыз.

Аталған іс бойынша қандай уәкілетті орган

### **3 Қазақстан Республикасындағы әкімшілік реформа және сот төрелігі**

#### *Практикалық бөлім.*

Қалалық ішкі істер басқармасының кезекші бөліміне жатақхана бөлмесінде спирттік ішімдіктерді ішкен университет студенті Ф. жеткізілді. Г. куәгердің көрсеткеніндей, студент Ф. бір шөлмек арағы бар бөлмеге келіп, қатты айқайлап, ұрысып, куәгерге онымен бірге ішуді ұсынған. Бұған жауап ретінде Г. полиция қызметкерлерін шақырды. ҚШБ кезекші бөлімінде Ф. өзін дөрекі ұстап, қойылған сұрақтарға жауап беруден бас тартты. Аталған фактілер бойынша әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттама толтырылып, ПБ бастығына жолданды. Студент Ф. ұсақ бұзақылық жасағаны үшін және полиция қызметкерлеріне қасақана бағынбағаны үшін кінәлі деп танылды. ПБ

бастығы 15 тәулікке әкімшілік қамауға алу түріндегі әкімшілік жаза тағайындалған қаулы шығарды. Шығарылған қаулы бойынша облыстық Полиция департаментінің бастығына шағымданды.

Қалалық ішкі істер басқармасы бастығының шығарған қаулысы заңды ма? Облыстық Полиция департаментінің бастығы қандай шешім қабылдауы тиіс? Осы шешімнің заңдылығын бағалаңыз.

#### **4 Әкімшілік процестің қағидалары**

*Практикалық бөлім.*

Ішкі істер басқармасының бастығы азамат Смирновқа аң аулау ережелерін бұзғаны үшін әкімшілік айыппұл салды. Қосымша жаза түрінде оның аңшылық қаруы тәркіленді. Смирнов қаруды заңсыз тәркілеу туралы сотқа шағымданып, оның кәсіпқой аңшы екенін және ол үшін аң аулау - өмір сүруге арналған қаражаттың жалғыз көзі екенін айтқан.

Осы жағдайға заңдық талдау беріңіз.

#### **5 Әкімшілік процесс субъектілерінің құқықтық мәртебесі**

*Практикалық бөлім.*

Сауда кешенін салуға рұқсат алғаннан кейін, жеке кәсіпкер Иванов ұзақ уақыт бойы басталған "мұздатылған" құрылыс орнында құрылысты жалғастыруға шешім қабылдады, өйткені оның пікірінше, іргетас өте жақсы қаланған. Сауда орталығының ішіндегі іргетасқа байланысты үй-жайлардың жобалық орналасуын сәл өзгертуге тура келді. Аудан сәулетшісі И.-ге жіберілген бұзушылықтар үшін 50000 теңге төлеуге міндеттеді, содан кейін ол бекітілген жобаға өзгерістер енгізуге келісті.

Сіздің пікіріңіз.

#### **6 Әкімшілік-басқару процесіндегі әкімшілік регламенттерді қалыптастырудың құқықтық негіздері**

*Практикалық бөлім.*

Ауа температурасының айтарлықтай төмендеуімен сиырлардың жаппай аурулары бір уақытта пайда болды. Мал шаруашылығының басшылығы жануарларды сұрыптау және орналастыру және тиісті егулер мен инъекциялар жүргізу туралы шешім қабылдады. Бұл жағдай туралы біліп, ветеринарлық инспектор осы шаруашылықтың басшысына осы шаруашылықты қысқа уақтылы дайындамағаны үшін ҚР ӘҚБтК 406-б. сәйкес бір жүз жиырма бес АЕК көлемінде әкімшілік айыппұл түрінде әкімшілік жаза қолданды.

Осы жағдайды түсіндіріңіздер.

#### **7 Қазақстанның атқарушы билік органдары жүйесіндегі мемлекеттік қызметтер: институтты қалыптастыру және құқықтық реттеу**

*Практикалық бөлім.*

Құрылысқа рұқсат алған және аталған жобаны бекіткен жеке кәсіпкер кафе құрылысын бастайды. Кафе ішінара жағалауда, ал ішінара суда орналасады деп жоспарланған, сонымен қатар жақын жерде қайықтар мен катамарандарды жалға беру жоспарланған болатын. Кафе құрылысын аяқтап,

жалға беру станциясының құрылысын бастағаннан кейін (болжалды айлақ құрылысының иінкүштері судан шығып тұрды), Скворцов биыл қайық станциясын ашуға уақыт болмайтынын түсініп, құрылысты келесі жылы жалғастыру жөнінде шешім қабылдады. Су объектілерінің пайдаланылуы мен қорғалуын бақылау жөніндегі мемлекеттік инспектор жеке кәсіпкерге әкімшілік ескерту жасады.

Сіздің пікіріңіз.

## **8 Қазақстан Республикасындағы әкімшілік процедураларды құру және қалыптастыру үрдістері**

*Практикалық бөлім.*

Әскери есепте тұрған Марденовке әскери комиссариаттан шақыру қағазы келді. Ол шақыру туралы хабарламаны алған сәттен бастап үш күн ішінде құжаттарды тексеру үшін әскери комиссариатқа келуге тиіс болды. Бірақ әскерге шақырылушы М. көрсетілген мерзімде әскери комиссариатқа келмеді және әскери комиссар ҚР ӘҚБтК 647-б. сәйкес 5 АЕК көлемінде айыппұл салды.

Әскери комиссардың әрекеті заңды ма?

Халық емшісі Анастасия әкімшілік жауапкершілікке тартылды және оған Аудандық ішкі істер басқармасының бастығы тиісті емші дипломынсыз халық медицинасымен айналысқаны үшін ҚР ӘҚБтК 424-б. сәйкес бес АЕК көлемінде айыппұл салды. Емші әйел АІБ бастығының әрекетіне сотқа шағымданды.

АІБ бастығының айыппұл салу туралы қаулысы заңды ма, істің осы санатын қарауға кім құқылы? Егер емшінің мұндай қызметі бір адамның денсаулығына зиян келтірсе, жағдай өзгерер ме еді?

## **9 Атқарушы билік органдарының нормативтік актілерді қабылдау рәсімдері: құқықтық реттеудің түсінігі, жіктелуі және проблемалары**

*Практикалық бөлім.*

Көлік құралын ұстау туралы хаттаманың жобасын жасаңыз.

## **10 Тіркеу рәсімдерінде азаматтардың құқықтарын қамтамасыз етудің өзекті мәселелері**

*Практикалық бөлім.*

Әкімшілік құқық бұзушылық туралы істі қозғау және әкімшілік тергеу жүргізу туралы ұйғарымның жобасын жасаңыз.

## **11 Қазақстан Республикасындағы лицензиялауды құқықтық реттеу**

*Практикалық бөлім.*

Әкімшілік жауапкершілікке тарту туралы қаулының күшін жою туралы әкімшілік талап арыз жасаңыз.

## **12 Қазақстан Республикасындағы жоғарғы білім беру саласындағы аттестациялау және аккредитациялау рәсімдері**

*Практикалық бөлім.*

16 жастағы азамат Нугманов алты ай бойына азаматтарды әскери есепке қою жөніндегі комиссияның жолдамасы бойынша медициналық куәландырудан жалтарған. Бұл жөнінде учаскелік полицияға мәлім болады, әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттама толтырылып ҚР ӘҚБтК 648-бабына сәйкес үш АЕК көлемінде әкімшілік айыппұл салынады.

Учаскелік полицияның әрекеті заңды ма? Әскери комиссариаттардың азаматтардың әскери міндеттерін орындауын қамтамасыз ету үшін аумақтық ішкі істер органдарымен өзара әрекеттесу тәртібі қандай?

### **13 Қазақстан Республикасындағы тәртіптік өндірісті құқықтық реттеу**

*Практикалық бөлім.*

Азамат Н. заңнамада белгіленген тәртіппен әкімшілік қамауды өтеу орнынан дүкенге барып келу туралы шешеді. Мұны ішкі істер органының кезекшісі байқап қалады. Осыған байланысты ол ҚР ӘҚБтК 806-бабына сәйкес әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттама толтырды. Істің материалдарын қарастырып, басшы азамат Н. 15 тәулік мерзімге әкімшілік қамаққа алу түріндегі әкімшілік жаза қолданады.

*Сұрақ.* Ішкі істер органы бастығының әрекеті заңды ма? Әкімшілік қамауға алуды өтеу тәртібі қандай?

### **14 Қазақстан Республикасының сот билігі жүйесіндегі әкімшілік сот өндірісі**

*Практикалық бөлім.*

"Кедр" қоғамдық бірлестігі қоршаған ортаны қорғау және пайдаланылған радиоактивті қалдықтардың елімізге әкелінуіне жол бермеу мақсатында митинг өткізуге шешім қабылдады, плакаттар мен басқа да атрибуттар дайындап әл-Фараби көшесіне шығып митинг өткізе бастайды. Он минуттан кейін митингті белгіленген тәртіппен полиция қызметкерлері таратып жіберді.

Митингті ұйымдастырушылар митингті ұйымдастыру кезінде белгіленген тәртіпті бұзғаны үшін әкімшілік жауапкершілікке тартылды. Оларға қалалық ішкі істер басқармасының бастығымен ҚР ӘҚБтК 488-б. сәйкес отыз АЕК көлеміндегі әкімшілік айыппұл салынады.

*Сұрақ.* Митингілерді ұйымдастыру және өткізу тәртібі қандай? Аталған құқық бұзушылықты қарауға кім құқылы?

### **15 Шет елдердегі әкімшілік сот өндірісі**

*Практикалық бөлім.*

"Азық-түлік" дүкенін тексеру нәтижесінде таңбалануы міндетті таңбаланбаған өнімдерді сату фактілері, сондай-ақ баға белгілеу тәртібін бұзу жағдайлары анықталды. Аталған құқық бұзушылықтар үшін сауда, тауарлар сапасы мен тұтынушылардың құқықтарын қорғау бойынша мемлекеттік инспекцияның аумақтық басқармасының басшысы Х. «Азық-түлік» дүкенінің директорын ҚР ӘҚБтК 203-бабына сәйкес 45 АЕК көлемінде әкімшілік айыппұл түріндегі әкімшілік жауаптылыққа тартады.

Х. әрекеттерінің заңдылығын бағалаңыз.

## **16 Қазақстандағы әкімшілік әділет генезисі**

### *Практикалық бөлім.*

Азамат Х. орманда серуендеп жүріп, арасында әдепсіз сөздері бар өлеңді қатты дауыстап шырқап жүрді. Орманның сырт жағында учаскелік полиция уәкілі өтіп бара жатып, ол азамат Х.-ның өлеңдерін естіп, ҚР ӘҚБтК 434-бабымен қарастырылған «ұсақ бұзақылық» әкімшілік құқық бұзушылықты дереу тоқтатуын талап еткен. Ал азамат Х. болса, аталған құқық бұзушылық қоғамдық тәртіпке қол сұғады, ал бірақ тұжырымдамасы заңда нақты анықталмаған, тек қоғамдық деп аталатын орындар ғана деп жазылған және олардың ішінде орман деген сөз жоқ, осылайша ешқандай құқық бұзушылық жасамағандығын айтып қарсылық білдіреді. Азамат Х. келтірілген уәждері, учаскелік полиция уәкілі үшін сенімді емес болды. Полиция қызметкері әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттама толтырып бес АЕК көлеміндегі айыппұл түріндегі әкімшілік жаза тағайындады.

Заңды жағдайды шешіңіз.

## **17 Әкімшілік әділет мемлекеттік басқарудағы заңдылықты қамтамасыз ету тәсілі ретінде**

### *Практикалық бөлім.*

Азамат П. жаңа паспорт алғаннан кейін паспорт және виза қызметінің қызметкері жіберген бірқатар сөздерде жіберілген қателіктерді, атап айтқанда оның әкесінің аты дұрыс жазылмағанын көреді. Ол жіберілген қателіктерді өз бетінше түзетеді. Біраз уақыт өткен соң, ол тұратын ауданда арнайы операциялық іс-шара жүргізу барысында полиция қызметкерлері оның жеке басын куәландыратын құжаттарын көрсетуді сұрайды. Азамат П. паспортын ұсынды, полиция қызметкерлері құжаттарды мұқият тексеріп, паспорт бетінен түзетулердің іздерін көреді. Осыған байланысты полиция қызметкерлері азамат Петровтан істің мән-жайын анықтау үшін аудандық ішкі істер басқармасының бөліміне баруды сұрайды.

*Сұрақ:* паспортта жіберілген қате жазбаны көргеннен кейін П. не істеу керек еді? Оның іс-әрекетінде әкімшілік құқық бұзушылық құрамы бар ма? Полиция қызметкерлерінің әрекеті заңды ма?

## **18 Әкімшілік сот ісін жүргізудегі дәлелдемелер**

### *Практикалық бөлім.*

Паспортын жоғалтқан азамат О. аумақтық ішкі істер органының паспорт-визалық қызметіне келеді, онда оған төлқұжат алу үшін толтырылуы қажет барлық қажетті құжаттардың үлгілері ұсынылды. Азамат О. барлық құжаттарды ешбір қатесіз толтырды. Дайындалған құжаттарды тексеру барысында азамат О. өзінің жасын дұрыс көрсетпегені анық болады.

Осыған байланысты паспорт және виза қызметінің бастығы ҚР ӘҚБтК 495-б. сәйкес әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттама толтырады және оған 20 АЕК көлемінде айыппұл түрінде әкімшілік жаза қолданады.

Жағдайды шешіңіз.

## **19 Әкімшілік сот ісін жүргізудегі сот төрелігінің қағидалары**

*Практикалық бөлім.*

Адвокат Л. пәтер ұрлығын жасады деген күдікпен ұсталған өзінің клиентімен кездесу үшін тергеу изоляторына келеді. Клиентпен әңгімелесу барысында, адвокат оған ішінде ақ ұнтағы бар сөмкесін бермекші болады (сараптама көрсеткендей, бұл героин болды), сол уақытта оны дереу қылмыстық – атқару жүйесінің қызметкерлері байқап, ұстап алады.

Ауысым бастығы азамат Л.-ға ҚР ӘҚБтК 481-б. сәйкес көзделген әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттама жасалып, ведомстволық материалдарды аумақтық ішкі істер органына тапсырды.

Аға ауысым дұрыс жұмыс жасады ма? Азамат Левин қандай құқық бұзушылық жасады?

## **20 Әкімшілік сот ісін жүргізу және адам құқықтары**

*Практикалық бөлім.*

Жас баласы бар азаматша А. балалар емханасынан оралғаннан кейін жазу үстеліне жеке куәлік пен басқа да құжаттарын салып қояды. Бөлмеден бірнеше минутқа шығып кетіп оралған әйел, жазу үстелінің суырмасының ашық тұрғанын және баласымен жыртылған жеке куәлік парақтарының еденде шашылып жатқанын көреді.

Аумақтық ішкі істер органының паспорт және виза қызметіне хабарласып, болған жағдайды түсіндіреді. Паспорт және виза қызметінің инспекторы оған әкімшілік құқық бұзушылық жасағандығын мәлімдеді.

Паспорт және виза қызметі қызметкерінің әрекеттері заңды ма?

Жасаған іс-әрекеті әкімшілік құқық бұзушылық болатын болса, қандай бап қолданылуы мүмкін?

## **21 Қазақстан Республикасындағы мамандандырылған әкімшілік соттар: заң жобалау қызметінің қалыптасуы мен мәселелері**

*Практикалық бөлім.*

Азамат К. қысқы демалыс кезінде шаңғыны жалға алу және мұз үстімен сырғанау үшін мұз айдынына келеді. Мұз айдынында бекітілген ережелеріне сәйкес, шаңғымен сырғанау уақытын төлеумен қатар, төлқұжатты да кепілге тапсыру қажет. К. белгіленген соманы төлеп, төлқұжатын тапсырып, сырғанауға кетеді.

Ковалевтің мұз үстінде сырғанауы кезінде прокат иесі дүкенге 10 минутқа шығып кетеді, қайтып оралғанда ол будка есігінің ашылғанын, сондай-ақ К.-ның төлқұжаты жоқ екенін анықтайды.

*Сұрақ:* бұл жағдайда кіммен және қандай әкімшілік құқық бұзушылық жасалды?

## **22 Әкімшілік шағымдану институты: қалыптасу және даму мәселелері**

*Практикалық бөлім.*

Учаскелік полиция уәкілі әкімшілік учаскенің паспортын жүргізу тәртібін тексеру барысында 17 жастағы азамат Ф.-ның төлқұжатсыз тұратынын

анықтады. Учаскелік полицияның «неге осы күнге дейін төлқұжат алмағансың?» деген сұрағына азамат Ф. паспортты 18 жастан бастап алады деп жауап берді. Полицияның учаскелік комиссары осы факт бойынша Әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттама жасап, материалдарды кәмелетке толмағандардың істері және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі комиссияға жіберді, ол азаматқа Ф. ҚР ӘҚБтК 492-б. 2-т. сәйкес жеті АЕК көлемінде әкімшілік айыппұл салды.

*Сұрақ:* Ф. іс-әрекетінде әкімшілік құқық бұзушылықтың құрамы бар ма? Учаскелік полиция мен кәмелетке толмағандардың істері және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі комиссияның әрекеттері заңды ма?

### **23 Әкімшілік процесс құрылымында әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер бойынша іс жүргізу**

*Практикалық бөлім.*

Зейнеткер С. өз үйінің сыртындағы орындықта отырып, қарама-қарсы үйдің бұрышында жертөледен түтін шығып жатқанын көреді. Тезарада «101» қоңырау шалады. Оқиға орнына келген өрт сөндірушілер үйдің жертөлесінде ыстық су құбырының жарылғанын, содан ыстық бу шығып жатқанын анықтады.

*Сұрақ:* зейнеткер С.-ның іс-әрекеттерінде Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 438-бабында қарастырылған әкімшілік құқық бұзушылық құрамы бар ма?

### **24 Әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер бойынша өндірістегі қорғаушы**

*Практикалық бөлім.*

Азамат В. (жеңіл дәрежеде мас күйінде болған) өзінің туыстарымен, жұбайымен, ағасымен және анасымен теміржол станциясында электр пойызын күтеді. Осы кезде оларға полиция қызметкерлері келіп, В. мен оның әйелінен жеке куәліктерін талап етті. Олардың өздерімен құжаттары болмағандықтан, полиция қызметкерлері ерлі-зайыптыларды олармен бірге желілік полиция бөлімшесінің кезекші бөліміне баруларын сұрайды. Анасы мен ағасы полиция қызметкерлерінен оларды электр пойызына жіберуді өтінеді. Алайда полиция қызметкерлері В. мен оның әйелін желілік полиция бөлімшесінің кезекші бөліміне алып келеді. Осы уақытта оның ағасы інісі мен оның әйелін жедел түрде босатуын талап ете бастайды. Полиция қызметкерлерінің бірі белбеуінен резеңке таяқшаны шешіп, інісіне резеңке таяқшасымен кезенеді. Сол кезде Васильевтің ағасы полиция қызметкеріне қарсы ұмтылып, полиция қызметкерлері көмекке жүгіріп келіп оның қолына кісен салғанға дейін ұстаған. Барлықтарын желілік бөлімге алып келіп, ЖПО бастыңы В. мен оның әйеліне, ағасына хаттама толтырып ҚР ӘҚБтК 443-б. 2-т. сәйкес 15 тәулікке қамауға алу түрінде әкімшілік жаза тағайындады.

*Сұрақ:* полиция қызметкерлерінің әрекеттері заңды ма және В., оның жұбайы мен ағасы тарабынан ҚР ӘҚБтК-нің 443-б 2-т. көзделген әкімшілік құқық бұзушылықтың құрамы бар ма?

## **25 Әкімшілік юрисдикция саласындағы прокурордың әкімшілік-құқықтық мәртебесі**

*Практикалық бөлім.*

Өзбекстан Республикасының азаматы Астана қаласына келіп, салынып жатқа, құрылыстардың біріне құрылысшы болып жұмысқа кіреді. Жұмыс аяқталғаннан кейін ол құрылыс алаңынан шығып, дүкенге қарай бет алды, оны патрульдік-күзет қызметінің жасағы ұстап алып, құжаттарын ұсынуды сұрайды. Өзбекстан азаматы тек өз елінің төлқұжатын ұсынды. Осылайша, ол аумақтық полиция бөлімшесіне жеткізіледі, бөлімшеде бес сағат уақыт болады. Оған ҚР ӘҚБтК 517-б. сәйкес 7 АЕК көлемінде айыппұл салынып әкімшілік жаза қолданылады.

*Сұрақ:* Өзбекстан азаматы қандай құқық бұзушылық жасады? Полиция қызметкерлері тарапынан қандай бұзушылықтарға жол берілген? Қолданылған әкімшілік жаза заңды ма? Жеке басты куәландыратын құжаттарды тексеру үшін заңмен қандай негіздер бекітілген?

## **26 Атқарушы органдар әкімшілік юрисдикция субъектілері ретінде**

*Практикалық бөлім.*

Қостанай облысының Полиция департаменті бастығының бұйрығымен Қостанай қаласының Полиция басқармасы көші-қон қызметі бөлімінің қызметкерлері «Мигрант» жедел-алдын алу іс-шарасын өткізеді. Бұл іс-шараларының мақсаты, яғни заңсыз көші-қон арналарының жолын кесу, заңсыз еңбек қызметімен айналысатын шетелдіктерді анықтау, сонымен қатар мемлекеттік шекараны заңсыз кесіп өту және шетелдік жұмыс күштерді пайдалану ережелерін бірнеше рет бұзу деректерін, оларды ұйымдастырушыларды анықтау.

«Мигрант» жедел-алдын алу іс-шарасын жүргізу кезінде облыс аумағында заңсыз жұмыс істеген көршілес Өзбекстан Республикасының 10-ға таман азаматы анықталды. Олар осы қалада ғимарат салу жұмыстарымен айналысқан. Аталған дерекке байланысты Қазақстан Республикасы Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 517-б. 5-т. сәйкес әкімшілік хаттама толтырылып, әкімшілік іс сотқа жіберілді. Сот шешімімен Өзбекстан азаматтарына он бес айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салды.

*Сұрақ:* Өзбекстан Республикасының азаматтары қандай құқық бұзушылық жасады? Қолданылған әкімшілік жаза заңды ма? Жеке басты куәландыратын құжаттарды тексеру үшін заңмен қандай негіздер қажет?

## **27 Әкімшілік юрисдикция саласындағы сот бақылауы**

*Практикалық бөлім.*

Өзбекстан Республикасының азаматы В. Қазақстан Республикасына жеке шаруасымен келіп, жұмысқа орналасуға арнайы рұқсат алмай, заңсыз еңбек қызметін жүзеге асырып, Қазақстан Республикасының халықтың көші-қоны саласындағы заңнамасын бұзған. Оның кінәсі, іс құжаттарымен және оның кінәсін мойындаған жауабымен дәлелденген. Сарыкөл аудандық сотының қаулысымен кінәлі деп танылып, әкімшілік жазаға тартылды.



*Сұрақ:* В.-ға қатысты ҚР ӘҚБтК бабы және жаза түрі қолданылды? Өзбекстан Республикасының азаматы әкімшілік құқық бұзушылық жасады ма? Біздің елде шетел азаматтары мен азаматтығы жоқ адамдарға қатысты шектеулер бар ма және олар қандай заңмен анықталған?

## **28 Қазақстан Республикасындағы әкімшілік мәжбүрлеу шараларын құқықтық реттеу**

*Практикалық бөлім.*

Полиция қызметкерлері Нигерия азаматын есірткі сатты деген күдікпен ұстады. Бұл адамнан жауап алу кезінде оның орыс тілін білмейтіні белгілі болды, осыған байланысты оған аудармашы берілуін сұрайды. Полиция қызметкерлері Нигерия Республикасының тілін білетін аудармашыны ұсынды. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша іс жүргізуді жүзеге асыру барысында оның көрінеу жалған аударма жасағаны анықталды.

Осыған байланысты Ішкі істер органының кезекшісі дерекке байланысты Қазақстан Республикасы Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне сәйкес әкімшілік хаттама толтырылып, әкімшілік іс сотқа жіберілді. Әкімшілік сот іс материалдарын қарап, аудармашыға он тәулік мерзімге әкімшілік қамау түрінде әкімшілік жаза тағайындады.

Жағдайдың заңдылығын анықтаңыз.

## **29 Қазақстан Республикасындағы атқарушылық іс жүргізуді құқықтық реттеу**

*Практикалық бөлім.*

Рудный қаласы АПБ ЖПҚБ Табиғатты қорғау полициясы бөлімшесінің қызметкерлері абаттандыру ережелерін бұзуға жол бермеу бойынша тұрақты негізде рейдтік іс-шаралар жүргізу барысында қызмет көрсететін ұйымдар үйдің іргелес аумағын қар мен мұздан уақтылы тазалауды қамтамасыз етпегені, сондай-ақ қала аумағында қарды жинауға жол берілгені анықталды. Аталған бұзушылық фактісі бойынша ҚР ӘҚБтК-нің 505-б. бойынша әкімшілік хаттама жасалды.

Жағдайдың заңдылығын анықтаңыз.

## **30 Әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер бойынша өндіріс**

*Практикалық бөлім.*

25.06. күні түнгі сағат 23:10 шамасында Қараменді ауылының сыртында күдік тудырған 41 жастағы тұрғынды учаскелік полиция уәкілі тоқтатады. Тексеру барысында ол өзімен бірге Ішкі істер органында тіркеуде жоқ, аңшы мылтығын өзімен алып жүргені анықталды.

Анықталған дерек бойынша учаскелік полиция уәкілі қандай іс-шаралар қолдануы керек?

## Анықтамалық сөздік (Глоссарий)

Аккредиттеу - аккредиттеу жөніндегі орган өтініш берушінің белгілі бір салада сәйкестікті бағалау жұмыстарын орындау құзыретін ресми танитын рәсім.

Акционерлік қоғам - өзінің қызметін жүзеге асыру үшін қаражат тарту мақсатында акциялар шығаратын заңды тұлға танылады.

